



Филология ғылымдарының докторы, профессор
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының
75 жылдық мерейтойына арналған
**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының

ЖИНАҒЫ

Алматы, 2025

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Дәркенбаева Ж.Қ.

қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

Алматы, Қазақстан

С.С.Айтжанова

ф.ғ.к., аға оқытушы

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

Алматы, Қазақстан

***Abstract:** This article examines effective methods of teaching national values through phraseological units in Kazakh language lessons. Phraseological expressions, as linguistic units reflecting the culture, philosophy, and psychology of the people, play an important role in introducing language learners to national traditions. The article analyzes the meanings and educational significance of stable word combinations and suggests ways to develop students' linguistic and cultural competence.*

***Keywords:** fixed expressions, national specificity, lesson, black yurt, Kazakh language, national values, promotion, meaning, education.*

Фразеологизмдер – бұл халықтың өмірлік тәжірибесін, философиясын, мәдениетін, психологиясын көрсететін тілдік бірліктер. Олар белгілі бір ұлттық ділді, дәстүрді, дүниетанымды білдіреді. Сондықтан фразеологизмдер ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді оқытуда маңызды рөл атқара алады. Тұрақты сөз тіркестері құрамы жағынан тұрақтылығымен, даяр қалыпта жұмсалатындығымен, кез келген тұста қолдана беруге

болмайтын талғампаздығымен, мағына тереңдігімен, бейнелілігімен ерекшеленетін тілдік құбылыс.

Қазақ тілі сабағында тұрақты сөз тіркестерін меңгерту арқылы қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінен мәлімет беріліп, ұлттық ерекшеліктері түсіндіріледі. Осылайша, тіліміздің қадір-қасиеті, бай да көркем тіл екені ұғындырылады. Мәселен, В2-1 ортадан жоғары деңгейге арналған «Ұлттық танымдағы кара шаңырақ» деген тақырыпты өткен кезде тыңдалым мәтінінде «кара шаңырақ», «шаңырақ көтеру», «шаңырағы шайқалу» т.б. тұрақты сөз тіркестері кездеседі [1].

Олардың мағынасын түсіндіру барысында қазақ халқының киіз үйі, оның бөліктері, сондай-ақ *шаңырақ, кереге, уық, босаға* қатысты қанатты сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінің тәрбиелік мәніне басты назар аударылады. Қазақ халқында «кара шаңыраққа сәлем беру», «кара шаңырақтан дәм тату» деген дәстүрлердің маңызы ерекше. «Шаңырақ» ұғымы ең алдымен «үй», «отбасы» деген мағынаны білдіреді. Ал «шаңырақ көтеру», «шаңырақ құрды» деген тұрақты сөз тіркестері жаңа үйленгендерді білдіреді. Сонымен қатар, «Шаңырағың биік болсын!» деген тамаша бата-тілек пен «Шаңырағың ортасына түссін!» деген қарғыс да халықтың тұрмыс-тіршілігін айқындайды.

Сабақ барысында орыс тілді білімгерлерден «кара шаңырақ» деген тіркес қандай мағына береді деп сұрағанда, олардың көбісі бұл тіркесті *ескі немесе қайғылы шаңырақ* деп түсіндірді. Бұл олардың тұрақты сөз тіркесінің мағынасын жете түсінбегендігін көрсетеді. «Қара» сөзі қазақ тілінде «күйе», «көмір» секілді кара түсті заттарды білдіретін негізгі мағынаға ие болғанымен, ол ауыспалы мағынада да қолданылып, «қасиетті», «киелі», «қадірлі» деген символикалық ұғымдарды білдіреді. Мысалы, «кара қазан» немесе «кара домбыра» тіркестері осы мағынаны аңғартады. Этнограф С.Кенжеахметұлының айтуынша, қазақтың қазаны «кара қазан» деп қастерленеді, өйткені ол – күнделікті тіршіліктің маңызды құралы. Қазанға тағамдар пісіріледі, қазақ дастарханындағы барлық тағам осы қазаннан өтеді, сондықтан оны халық қасиетті деп санайды. [2,19].


Шаңырақ, кереге, уық, босаға сияқты ұлттық тұрмыстың бір бөлшегін құрайтын фразеологизмдер арқылы жастарға халқымыздың қадір-қасиетін, отбасы институтының маңызын түсіндіруге болады. «Шаңырақ көтеру» дегенде жаңа үйленгендердің шаңырақ көтергені ғана емес, олардың алдында тұрған *жауапкершілік, өз шаңырағын құрметтеу* сияқты ұғымдар да қамтылған. Сонымен қатар, «Босағаң берік болсын!» және «Керегең кең болсын!» деген бата-тілектерде үйдің бейбітшілігі, оның орнықты болуы және отбасылық бірліктің сақталуы қажеттілігі айтылған [2].

«Қабырғасы қаусау» сияқты тұрақты сөз тіркестері тіл үйренушілерге қазақ халқының тарихын, тұрмысын және мәдениетін түсінуге көмектеседі. Тұрақты сөз тіркестерін үйрету кезінде олардың терең мағынасын түсіндіру және мәдениетке қатысты мәнін ашып көрсету өте маңызды. Мысалы, «қабырғаны қаусатты» тіркесі «жанға батты, қатты күйзелтті» деген мағынаны білдіреді [3, 390]. Сонымен қатар, бұл тіркес «ауылдың» сөзімен оралып, «қирады» немесе «талқандалды» деген мағынада қолданылатыны анықталды. Ал жалпы, бұл фразеологизм «әбден ескірген, тозығы жеткен» деген мағынада жұмсалып, үйдің немесе отбасының қирауы, нашарлауы туралы ойды білдіреді [4,497].

Сабақта фразеологизмдермен жұмыс істеу тек тіл үйренушілердің сөздік қорын молайтып қана қоймай, сонымен қатар олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады. Тұрақты сөз тіркестерін дұрыс меңгеру арқылы студенттер қазақ тілінің ерекшеліктерін тереңірек түсінеді, тілдік дағдыларды жетілдіреді. Мысалы, «шаңырақ көтерді» тіркесінің шығу тарихы мен мағынасы студенттерге қазақ халқының тұрмыс-салты мен ұрпақ тәрбиесіне қатысты құнды ақпарат береді.

Сабақта тыңдалым, оқылым мәтіндерінде кездесетін тұрақты сөз тіркестері білімгерлердің тілін байытып, олардың лингвомәдениеттанымдық құзыреттілігін арттыра түседі. Оқылым, тыңдалым мәтіндерінде кездесетін тұрақты сөз тіркестерін меңгертуге байланысты тағы бір жұмыс түрі - суретке қарап, тұрақты сөз тіркестерін жасау. Бұл жұмыс түрі сабақты бекітуге септігін тигізеді.

1-сурет. Суретпен жұмыс



Әсіресе, фразеологизмдерді суретке қарап жасай отырып, білімгерлер олардың мағынасын анықтап, дұрыс қолдануды үйренеді. Мысалы:

Шаңырағың биік болсын (алғыс) – үй көтергенде, үй боп шыққанда айтылатын тілек. Көтерген шаңырақтарың биік болсын!

Шаңырағы ортасына түсті [шайқалды] – отбасы ойран болды (азып тозды). Отбасының шаңырағы ортасына түсті.

Шаңырақ көтерді – үй болды, отау тікті. Ұлым ержетіп, шаңырақ көтерді.

Пышақ кескендей тыйылу - әрекеттің тез тоқтауы. Бұл дәстүр пышақпен кескендей тыйылды.

Ат басын тіреу - межелі жерге жету, аялдау мағынасында. Ағамның үйіне ат басын тіредік.

Табан аудару - көшу, қоныс аудару. Жұмыс болмағандықтан, ауылдан табан аударды.

Жоғарыдағы «шаңырақ көтерді» деген тұрақты сөз тіркесінің шығуына «отау көтеру» салты негіз болғанын айта кетуге болады. Бұл осы тұрақты сөз тіркесінің шығу тарихынан мәлімет береді. Жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтерудің өзі қазақ үшін қызықты, ерекше сәт. Мұны қазақ салт дәстүрін жетік білетін этнограф жазушы Ахмет Жүнісұлы былай деп жазған: «...қазақта отаудың шаңырағын албаты адам көтермейді. Бұған баласы көп, кәрі күйеу керек. Оны қос атпен болса да алғызады. Ыңғайлы жер болып, отау өте үлкен болса, әрі күйеу шаңырақты аттың үстінде тұрып көтереді. Бұл еңбегіне ол не ат мінеді, не түйе жетектейді. Әдетте киіз үйдің шаңырағын ер адамдар көтереді, Ал жас отаудың шаңырағын кәрі күйеуге көтертуде үлкен мән, ырым бар. Өйткені «жасы үлкен күйеу» қашанда елге сыйлы және тілектес адам» [2,47].

Сабақта тіл үйренушілерге фразеологизмдерді меңгерту арқылы қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін түсіндірудің маңызы ерекше. Мысалы, «Қара шаңырақ иесі – кенже бала» деген тақырыпта тұрақты сөз тіркестерін пайдалана отырып, «ұжымдық әңгіме» әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс арқылы студенттер тақырыпқа сәйкес әңгіме құрастырып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын әрі тілдік, әрі мәдени тұрғыда меңгереді. Осыған орай, төменде келтірілген тұрақты сөз тіркестері арқылы әңгіме құру ұсынылады: *қара шаңырақ, шаңырақ көтеру, табан аудару, ат басын тіреу, қабырғасы қаусау, шаңырақтың түтінін түзу түтету, шаңырағы шайқалу*. Сабақтың қорытындылау кезеңінде білімгерлердің бірі бастаған сөйлемді екіншісі әрі қарай жалғастырып, 15 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастыруы қажет.

Бұл әдіс тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен мәдениетке деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Фразеологизмдер – ұлттық мәдениеттің айқын көрінісі, әрі халықтың дүниетанымы мен рухани құндылықтарының бейнесі. Қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтарды фразеологизмдер арқылы меңгерту – тіл мен мәдениетті сабақтастырып, білім алушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың тиімді жолы. Олар тіл үйренушілерге халқымыздың салт-дәстүрлері мен өмір сүру дағдысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ұрпақтан-ұрпаққа жететін мәдени мұраны сақтау және ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында фразеологизмдерді оқыту ерекше маңызға ие.

1. Хамимұлыдинова Л.Ж., Қоңырова А.Т. Қазақ тілі В2-1 ортадан жоғары деңгей. – Алматы, 2023. – 154б.
2. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы, 2006. – 384 б.
3. Фразеологиялық сөздік. – Алматы, 2007.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
5. Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана, 2003.
6. Смағұлова Г.Н. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы, 2020. – 256 б.